

## Қазақ тіліндегі дыбыстық өзгерістердің ауызша тілдегі көрінісі

Ж.Т.Жұмабаева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі  
институтының аға ғылыми қызметкері, филол.ғ.к.

Зерттеушілер тілдің ауызша түрі мен жазба түрі өзара параллель жатқан кеңістіктер екенін және өзара беттесе алмайтын, беттескен жағдайда да белгілі мақсат көзделген коммуникация жағдайында, жасанды жүзеге асатын, (мысалы лектор студенттердің ауызша айтылған дәрісті жазба мәтінге айналдырудағы қиындығын болдырмау үшін, жазба мәтіннің нормасына салып, баяндауы) параллельдер екенін айтып өтеді. Олай болса, кез келген мәтінді тілдің жазба түріне емес, ауызша түріне салып айтуымыз, оқуымыз керек. Бүгінде қазақ тіл білімінде сөйлеу тілі (Р.Әміров), жазба сөз (Н.Уәли), аузша сөз (Н.Уәли), жазба тіл, ауызша тіл (Қ.Күдерінова) деген терминдер қолданысы бар. Қ.Күдерінованың анықтауынша, ауызша тіл дегеніміз ішкі сөйлеуді дыбыстау мүшелері арқылы дыбыс толқындарымен сыртқа шығаратын, белгілі бір тілдік таңбаға кодталған, естілетін және айтылатын тілдік жүйе немесе ойдың дыбысталуы, ойдың дыбыстық кодқа айналуы [1]. Осымен байланысты Н.Уәлидың пікіріне сүйенетін болсақ, әдеби тілдің ауызша нормасынан уәжсіз, мақсатсыз ауытқулардың салдарынан айтылған сөздің мағынасы тыңдаушы үшін бұлыңғыр тартып, тілдік қарым-қатынасқа қаяу түсіреді, бұл – бір. Екіншіден, дыбысталған сөздің өзіндік үйлесімі, үндестігі, ырғағы, әуені, әуезі болуға тиіс. Бұлар, бір жағынан, айтылған ойға, мағынаға қатысты болса, екінші жағынан естір құлаққа жағымды естіледі, естіген құлақтың айызы қанатындай болады. Сондықтан сөз аралығындағы дыбыстарды ықпалдастырып, сындырып айтудың, «қатқылдау» дыбыстарды «жұмсартып» айтудың эстетикалық мәні бар[2] Олай болса, зерттеушілердің пікіріне келетін болсақ, қазақ әдеби тілі ауызша және жазбаша түрде қызмет етеді. Жазуда сөз мағынасын ажырата алатын қабілеті бар дыбыстар белгіленеді, ал олардың дыбыстық қоршауға тәуелді түрлері еленіп-ескеріле бермейді: ба[с]шы(ба[ш]шы емес). Ал жазудың дәл осы қағидасын ауызша сөзде қолдану, яғни микрофон, экраннан естілер сөзде қатеге саяды. Сондықтан әлгіндей сөздер, керісінше, ба[ш]шы (басшы емес)[2]. Олай болса, зерттеушілердің пікіріне сүйене отырып, жазылған мәтінді ауызша кодқа саламыз. Әрине сөйлеу процесі кезінде дыбыстардың бір-біріне тигізетін акустикалық, артикуляциялық әсерінің нәтижесінде фонемаларда әртүрлі реңктер пайда болады [3]. Мысалы, қатар жұмсалатын екі дыбыстың біріншісі **н**, екіншісі **к**, **қ**, **х** дыбыстары болса, олардың бір-біріне тигізер ықпалынан бірінші **н** – **ң**-ға, екінші қатардағы дыбыстар **г**, **ғ**-ға айналады.

жазылуы	айтылуы
еркін күш	еркің гүш
жирен көк	жирең гөк

қырын кету	қырың гету
кұлан құрық	кұлаң ғұрық
қақпан құру	қақпан ғұру
жирен қасқа	жирең ғасқа
қайран қалу	қайраң ғалу
жалын құшу	жалың ғұшу
жасырын хат	жасырың ғат

Көріп отырғанымыздай, фонемалардың әртүрлі реңктері көрініс тапты. Ал енді ауызша сөйлеу процесі кезінде фонемалардың әртүрлі реңктері көрінумен қатар әртүрлі дыбыстық құбылыстар да пайда болады. Дыбыстық құбылыстар қазақ тілінің сөздерінде және шеттілдік сөздерде көрініс табады. Шеттілдік сөздерді игеруде ерекше қызмет атқарады. Дыбыстық құбылыстар жөнінде алғашқы мәліметтерді А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов еңбектерінен кездестіреміз. Кезінде Қ.Жұбанов сөз ішінде не сөйлем ішінде буын құрамындағы дыбыстар қозғалысына қарай буын жігінің өзгерісін 1) буынның жылысуы 2) буынның кірігуі деп екі үлкен топқа бөліп көрсеткен еді. Сонымен қатар Ж.Досқараев, Ә.Т.Қайдаров, Ш.Сарыбаев, Т.Талиповтардың еңбектерінде де жергілікті сөйлеу ерекшеліктеріне байланысты жазған кейбір дыбыстық құбылыстар туралы мәліметтер берілгенін байқауымызға болады. Қазақ тіліндегі дыбыстық құбылыстар ұғымы ғалым К.Ахановтың еңбегінде «Фонетикалық процестер» деген атаумен берілген.

Сонда дыбыстық өзгерістер – сөз құрамында болатын әр алуан дыбыстық өзгерістер болып табылады. Қазақ тіл білімінде мұндай өзгерістердің әрқайсысының өз атауы бар. Олар: *протеза, эпитеза, редукция, абсорбция, синкопа, гаплогия, эпентеза, метатеза, анакопа, элизия*. Енді осылардың әрқайсысына тоқталсақ төмендегідей болады.

С.Мырзабековтың пікірінше, **протеза** (грек. prothesis – алдында тұру) – сөздің алдынан басы артық дыбыстың қосылуы. Бұл кірме сөздің айтылуын жеңілдету үшін, тілдің табиғатымен үйлестіру үшін қажет. Мұндай дыбыс дауысты да, дауыссыз да болуы мүмкін. Қазақ тілінде протеза болатын негізінен қысаң дауыстылар. Олар **л, р** дыбыстарынан басталатын кірме сөздердің алдына жамалады. Олай болатыны қазақ тілінде *лақ, лап, лау, лық, лып, лоқ-лоқ, лүп-лүп* сияқты он шақты еліктеуіш болмаса, байырғы атауыш сөздер бұл дыбыстардың басталмайды[4].

**ы:** *лаж, лай, лас, лашын, лау* («ылау деп, үй деп дікілден» Абай), *рас, рақат, разы, рай, рақмет, рақым, радио, разъезд, ранг, рапсодия, рация.*

**і:** *леген, лекер, леп, рәсуа, рәсім, рәуіш, рет, реніш, ребус, регресс, редукция, рельс, республика.*

**ұ:** *рұқсат, рух, ру, Лұқпан.*

**ү:** *Рүстем, үрөл (роль).*

Осымен байланысты Н.Уәлидің пікірінше, **л, р** сонорлары сөздің басында келгенде, барлық жағдайда қысаң дауысты селбесіп айтылады. Бірақ

олардың фонемалық реңктері **р, л** дыбыстарынан кейінгі дауыстыларға тәуелді болуы ықтимал. Мысалы, **р, л** сонорларынан кейін **а, ә, е, ү** және дауысты + сонор дыбыс тіркесі –**ұу, ый** келсе, **р, л**-дың алдында келетін қысаң селбеспе дауысты өзінің созылыңқылығы жағынан біршама қысқа айтылады. Ал сөз басындағы **р, л**-дан кейін қысаң дауыстылар келсе, керісінше, селбеспе дауысты біршама созылыңқы айтылуы ықтимал [2, 110б.]. Ал І.Кеңесбаевтың пікірінше, **р** фонемасы тіл ұшы альвеолға нық тиіп, фонациялық ауа өте қарқынды шығу арқылы жасалады. Сөз ортасында **р** бір рет дірілдейді де, сөз аяғында көбіне екі рет дірілдейді. Сондықтан бұл фонеманы вибрациялық (діріл) фонема дейміз. Бұл фонма сөз ортасы мен сөз аяғында көп ұшырайды. Бұрынғы түркологтар айтқандай, **р** сөз басында кездеспейді. Осының салдарынан өзге тілден ауысқан **р**-дан басталуға тиісті сөзердің алдынан **ы** немесе **і** дыбыстары қосылып отырады немесе кейде **ү, ұ, о** тәрізді дыбыстар селбесіп тұрады. Сол сияқты **л**-дан басталуға тиісті сөздің алдынан қалай да бір қысаң дауысты қосалқыланып отырады. Осы сияқты Ж.Аралбаевтың да пікірінше, сөз басында **р** дыбысы сирек қолданылады. **Р** дыбысынан басталатын бір топ сөзде кейде алдынан **ы, і** қысандарын, не **ү, ұ, о** дыбыстарын протезаға бейімдейді: *ырахмет (рахмет), ырас (рас), ырай (рай), ірет (рет), ұрықсат (рұқсат), ұру (ру)* және т.б.

жазылуы	айтылуы	жазылуы	айтылуы
рұқсат	ұрықсат	лаж	ылаж
рас	ырас	лақ	ылақ
рет	ірет	лебіз	ілебіз
рең	ірең	лақап	ылақап
рақым	ырақым	леп	ілеп

**Элизия.** Сөйлеу процесінде сөздер кей уақытта екпін мен интонацияға, сингармонизмге байланысты өзара тіркесіп, бір бүтін болып айтылуының орфоэпия үшін үлкен мәні бар. Мәселен, қатар, тетелес келген екі дауысты дыбыстың бірі түсіріліп айтылады: **а – а – а:** *алат (ала ат), қаралат (қара ала ат), айталады (айта алады), алмағаш (алма ағаш), атана (ата-ана), қарала (қара ала)* т.б.

**е – е – е:** *барсекен (барса екен), барамекен (бара ма екен?), барыппекен (барып па екен?);*

**а – и – и:** *барсигеді (барса игі еді);*

**а – ө – ө:** *қарөзек (қара өзек), қарөлең (қара өлең), қарөкпе (қара өкпе);*

**а – ү – ү:** *арпұны (арпа ұны);*

**а – о – о:** *үлкен қарой (үлкен қара ой);*

**ы – а – а:** *Сарарқа (Сарыарқа), Қандағаш (Қанды ағаш);*

**е – е – е:** *келсекен (келсе екен), келседі (келсе еді), келемекен? (келе ме екен?), келермекен (келер ме екен?), сөйлесекен (сөйлесе екен), көргенбекен? (көрген бе екен?);*

**ы – ө – ө:** *Сарөзек (Сары өзек)[5].*

Қазақ орфоэпиясының мәселесі дыбыстардың ассимиляциясына да байланысты. Себебі ассимиляция құбылысы, дыбыстардың өзге комбинаторлық өзгеруі сөйлеу процесінде пайда болады. Алғашқы сөздің соңғы дыбысы дауысты, үнді не ұяң болып, кейінгі дыбыстың басқы дыбысы қатаң қ, к болса, қатаң дыбыстар айтылуда ұяңдап ғ, г дыбыстарына ауысады: *ала гөл (ала көл), ала гөйлек (ала көйлек), қара гой (қара қой), қой гора (қой қора), боз гұнан (боз құнан), атың гім? (атың кім?), қара гөлеңке (қара көлеңке), қара гер (қара кер), не гыласың (не қыласың)* т.б.

Алғашқы сөздің соңындағы қатаң дыбыстардың әсерінен келесі сөздің басындағы б, ғ, г ұяңдары қатандап, **п, ж, к** дыбыстарына ауысады: *Жүніспек (Жүнісбек), Қамыспай Қамысбай), жас қалым (жас галым)*.

Түбір сөздің соңғы дыбысы **ш** болып, оған **с**-дан басталатын қосымша жалғанса, **с** айтылуда **ш**-ға ауысады: *қашша (қашса), ішшін (ішсін), ұшшын (ұшсын)*.

Түбір сөздің соңындағы **с, з** дыбыстарына жалғанатын қосымшаның басқы **ш** дыбысының әсерінен айтылуда **с, з** дыбыстары **ш** дыбысына ауысады: *жұмышшы (жұмысшы), сөшшең (сөзшең), башшы (басшы)*.

Түбір сөздің соңғы дыбысы **к, ғ, қ, г** дыбыстарының алдынан келсе, айтылуда өзгеріп, тіл арты **ң** дыбысына ауысады: *бір гүңгі (бір күңгі)*.

Сөз ішінде немесе сөз аралығында **н** дыбысы мен **к** дыбысы, **с** дыбысы мен **ж** дыбысы іргелес келсе, айтылуда **н** дыбысы **ң** дыбысына, **қ, к** дыбыстары **ғ, г** дыбыстарына, **с** дыбысы **ш** дыбысына, **ж** дыбысы **ш** дыбысына өзгереді: *Қазаңған (Қазанқан), Есеңгелді (Есенгелді), Амаңгелді (Амангелді), Дошшан (Досжан)*.

**Редукция** – бұл дауыстыларға байланысты құбылыс. Сөз ішіндегі дауыстының көмескіленуі. Негізінен редукцияға қысаң дауысты дыбыстар ұшырайды. Басқаша айтқанда, редукция – дыбыстың артикуляциялық және акустикалық сипатының өзгеруі. Сандық редукция – екпін болмауынан дыбыс ұзақтығының азаюы, сапалық редукция – сол себептерден артикуляцияның өзгеруі. Мысалы: *қат(ы)нас, дәр(і)гер*, т.б. Осымен байланысты Ж.Аралбаев өз зерттеуінде: «ы фонемасы сөздің барлық шенінде келе береді: *ыдыс, ық, ыстық, жылылық, мылтық, ыза, ырым* және т.б. **Ы** қысаңы **л, р** сонорынан бұрын және сөздің екпінсіз позициясында түрлі редукция басқышына енеді: *қрық, қзыл, қзық, пшақ, қтық, қсыр, шбық* және т.б. Кейде сөздің екінші екпінсіз буынында (**р** мен **н**-ның, **у** мен **з**-ның, **р** мен **к**-ның, **й** мен **н**-ның аралығында) **ы** дыбысы фонетикалық нөлге айналады: *орын-ы – орны, қарын-ым – қарным, ауыз-ым – аузым, бөрік-і – бөркі*»[5].

Сөз ортасындағы қысаң дауысты дыбыстардың түсіп қалуын Н.Уәли өзінің зерттеуінде былай түсіндіреді: «Мұрын, ерін тәрізді сөздердің дыбыс құрамындағы **ы**-ның түсіп қалып, мұрны, ерні түрінде айтылу себебі бұл сөздердің өзге сөздермен салыстырғанда, тәуелдік тұлғасында жиі жұмсалыуына байланысты. Ал *құрық, жарық* сөздері, керісінше, тәуелдік тұлғада, өзгелермен салыстырғанда, әлдеқайда сирек жұмсалады екен» [2].

Дауысты **ы** дыбысының редукциялану процесі ритмикалық екпіндегі сөз тіркесінде де байқалады екен: *тор ат (торы ат), сар адам (сары адам),*

*сар май (сары май)*. Дуысты **ы** дыбысы ритмикалық екпіндегі сөз тіркесімен қатар сөз соңында да түсіп қалады. Нақты айтқанда, дауысты **ы** дыбысына біткен сөздерге ашық дауыстыдан басталатын қосамшалар қосылғанда **ы** толық редуцияланады: *алты-ау – алтау, оқы-у – оқу*.

С.Мырзабеков дыбыстық өзгерістің бір түрі редуцияға мынадай анықтама береді. Редуция дауысты дыбыстарға ғана қатысты және сөз ішіндегі дауыстының көмескіленуі. Ал көмескіленетін қысаң дауыстылар болып келеді.

жазылуы	айтылуы
дәрігер	дәр'гер
қатынас	қат'нас
тәжірибе	тәж'рибе
аңызак	аң'зақ
адырандау	ад'рандау
бадырақ	бад'рақ
едірендеу	ед'рендеу
иірім	и'рім
қасірет	қас'рет
жұдырық	жүд'рық
көбірек	көб'рек

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, қысаң дауыстымен келетін сөздер негізінен редуцияланып, айтылуда естілмейді. Қысаң дауыстылардың сөз арасында түсіп қалуы айтылыммен ғана байланысты емес, жазуда да түсіріп жазуды ұсынатын пікірлер бар. Осымен байланысты зерттеуші Қ.Күдеринаның пікірінше, 3 буыннан артық ашық буынмен келетін, екінші буындағы дауыссыз дыбыс пен үнді арасындағы **ы, і** езуліктері таңбаланатын сөздерді ықшамдап, **ы, і** әріптерінің дәнекерінсіз, бітеу буынмен таңбалауға болады деп ойлаймыз: *аблай, аброй, адра, абсын, айрым, ақрын, бадрақ, бұрлыс, келсім, жадраңқы, қапрық, мейрім, өкніш*.

Қорыта келгенде, ауызша тілде дыбыс әртүрлі өзгерістерге ұшырайды. Дыбыстық өзгерістер протеза, редуция, метатезада көрініс табады.

#### Әдебиет:

1 Күдеринава Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. Оқу құрал. Алматы, 2013.

2 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил.ғыл.докт.авторефераты. Алматы, 2007.

3 Уалиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил.ғыл.канд...Алматы, 1993.

4 Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. Алматы, 2006.

5 Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. Алматы, 1988.